ЖШС «Нұр-Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының педагогикалық кеңесі отырысының хаттамасы №1

29.08.2023 жыл Шымкент қаласы

Төрайымы - Бейсеева Г.Е..
Хатшысы - Сейткәрім Б..
Қатысқандар – 6

**Күн тәртібі**

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс қорытындысы
2. Жаңа 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту
3. Сабақтар кестесін, мамандардың жұмысын перспективалық жоспарларын, циклограммаларын бекіту.
4. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу.

## 1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай орталықтың әдіскері Г.Бейсеева жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың жоспар бойынша жүргізілгендігі жайлы айтып өтті.
Жазғы маусым жоспарының негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту , демалысты тиімді пайдалану,олардың өмірі мен денсаулығын қорғау, аурудың және жарақаттың алдын алу.
Жоспар бойынша төмендегі міндеттер белгіленді:

- Әр баланың физикалық, шығармашылық- эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасау,
- Балалардың сауықтыру және физикалық дамуын, рухани тәрбиесін, білімпаздылығын және танымдық белсенділігін дамытуға, мәдени- гигиеналық машықтарын және еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған іс- шаралар жүйесін іске асыру. Ауа райының қолайлы жағдайларын/ ауа, күн және су/ балалардың денсаулығын нығайтуға қолдану. Шынықтыру іс- шараларын, мәдени- гигиеналық машықтарын, қимыл белсенділігін таза ауада іске асыру./Баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр/.

## Сөз сөйлегендер:

1. Б.Сейткәрім өз сөзінде жазғы маусымның өте қызықты өткендігі және түрлі іс- шаралардың өткізілгендігін атап көрсетті.
2. Ш.Махсұт жаз маусымы түрлі іс- шараларға толы болды, балалардың есте қаларлық ойындары, қойылымдары, бассейндегі шомылулары мен ондағы түрлі ойындары, асфальтта сурет салулары мен шебер қолдар үйірме жұмыстары т.б. іс- шаралар қызыққа тола болды.

Күн тәртібіндегі қалған мәселелер бойынша балабақша меңгерушісі Г.Бейсеева төмендегі жайттарға тоқталып өтті.
2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыра отырып, басшылыққа алу қажеттігін атап өтті.
Жаңа оқу жылында топтар толық тексеруден өтті, барлығы 3 топ, оларда 70 бала. Топтар толық жасақталынған, топтардың тәрбиешілері топтарға бекітілген.
2023- 2024 оқу жылының жылдық жоспары төмендегі бөлімдерден тұрады**:**

«Нұр-Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталықтың техникалық құжаттары мен материалдық базасының сипаттамасы.

**1.** Ақпараттық мәлімет
2. Кадрлармен жұмыс. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
3. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс
   3-1. Әдістемелік көмек көрсету.
   3-2. Тәрбие жұмысы.
4. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.
5. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.
6. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
7. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.
8. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс

Осы бөлімдер бойынша жаңа оқу жылы жоспарында барлық орындалатын жұмыстар толығымен қамтылған.
Сабақ кестесі стандартқа сай түзілген, барлық тәрбиешілерге циклограмма мен перспективалық жоспарларын түзу бойынша нұсқаулық берілді.
Орталықтың шаруашылық меңгерушісі еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері бойынша нұсқаулықтар берілгендігі және инструктаж өткізілгендігін айтты.

## Сөз сөйлегендер:

1. Б.Сейткәрім тәрбиешісі, беріліп отырған сабақ кестесі дұрыс жасалынған, стандартқа сай, әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып барлық жоспарлар түзілді.
2. Б.Акбердиева жаңа оқу жылының жоспарында барлық бөлімдер толық қамтылған, сағат сандары дұрыс бөлінген, көңілге қонарлық.

## Қаулы етті:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Жаңа оқу жылының топтарының тексеру қорытындысы мақұлдансын.
3. Жаңа 2023- 2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
4. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері бойынша нұсқаулықтар басшылыққа алынсын.

**Төрайымы** **Г.Е.Бейсеева**

**Хатшысы** **Б.Сейткәрім**